

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
10.11.2021 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 10.11.2021 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Бұл мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қорғаныс министрінің орынбасары Руслан Нұртөлеуұлы Шпекбаев мырзаға беріледі.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Тәжікстан Республикасымен тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы үкіметаралық келісімді ратификациялау бойынша заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2021 жылғы 12 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасын және Тәжікстан тарапының әскери-техникалық көмек көрсету туралы сұрау салуын іске асыру мақсатында қол қойылды.

Келісім Тәжікстан тарапына әскери мүлікті бір реттік беруді көздейді. Оның атауы мен көлемі дипломатиялық арналар арқылы келісілді.

Қазақстан тарапы әскери мүлікті Жамбыл облысының Отар станциясынан Душанбе қаласына дейін теміржол көлігімен жеткізуді қамтамасыз етіп, оған байланысты барлық шығысты өзі көтереді.

Келісімге сәйкес Тәжікстан тарапы Қазақстаннан берілетін әскери мүлікті тек тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қолдануға және оларды үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

Келісім ағымдағы жылы Тәжікстанмен жасасқан әскери-техникалық көмек көрсету туралы екінші халықаралық шарт болып табылады.

Әскери мүлікті Тәжікстанға беру Қазақстанның жауынгерлік әзірлігі мен қорғаныс қабілеттілігіне ықпал етпейтінін атап өту қажет, өйткені бұл көмек Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерін ағымдағы жабдықтау қоры нормативінен тыс көрсетіледі.

Орталық Азия өңіріне, оның ішінде Ауғанстаннан халықаралық коалиция әскерлерінің шығарылуымен туындаған тұрақты қатер аясында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымы жауапкершілік аймағының оңтүстік бағытында қарулы күштердің қорғаныс потенциалын объективті түрде шұғыл нығайту қажет.

Заң жобасын қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, осы заң жобасы бойынша сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Әділет министрлігінің өкіліне арналады.

Келісімнің 1-бабында Тәжікстан тарапы Қазақстан тарапынан алған әскери мүлікті осы келісімнің мақсаттары үшін ғана пайдаланады және үшінші тарапқа бермейді деп бекітілген.

Осы ретте 6-баптың екінші абзацына сәйкес осы келісім Тәжікстан тарапына әскери мүлік толық берілген кезден бастап өз қолданысын тоқтатады.

Сонымен бірге келісімде алдыңғы келісімдерде көзделгендей, осы мүлікті үшінші тарапқа беруге тыйым салу бөлігінде қолданысын сақтайтын норма жоқ. Осыған байланысты сұрағым бар.

Бұл жағдай әскери мүлік берілген соң және келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін осы норманың орындалмау қаупіне алып келмей ме? Осыны түсіндіріп берсеңіздер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Алдымен баяндамашыға, сосын Әділет вице-министріне сөз береміз.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Спасибо за вопрос.

Все передаваемое имущество в Таджикистан будет использовано только их Вооруженными Силами. Есть протокол по целевому контролю, который будет осуществляться в данном направлении. В рамках ОДКБ все это прописано. Таджикская сторона берет на себя обязательство, что не будет передавать третьей стороне. Спасибо.

ТӨРАҒА. Понятно. Спасибо.

Пожалуйста, вице-министр юстиции Наталья Виссарионовна Пан.

ПАН Н.В. Сұрағыңызға рақмет.

Действительно, Республика Казахстан и Республика Таджикистан являются участниками Организации Договора о коллективной безопасности. В рамках этих взаимоотношений заключено и ратифицировано соглашение, согласно которому предусмотрен прямой запрет на передачу военного

имущества третьим лицам. Поэтому юридическая судьба этого имущества определена, проблем не должно быть. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Дементьева Наталья Григорьевнаға беріледі.

ДЕМЕНТЬЕВА Н.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Руслан Нұртөлеуұлы! Қазақстан мен Тәжікстан Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қатысушылары болып табылатыны және оның шеңберінде қатысушы мемлекеттер бір-біріне әскери көмек көрсететіні белгілі.

Айтыңызшы, еліміз жақын арада қандай мемлекеттерге және қандай әскери-техникалық көмек түрлерін көрсетуді жоспарлап отыр? Рақмет.

ШПЕКБАЕВ Р.Н. Сұрағыңызға рақмет.

Басқа мемлекеттерге де көмек көрсетілуі мүмкін. Бұл ретте басқа мемлекеттердің сұранысы және еліміздің мүмкіндігі ескеріледі. Осындай сұраныс Қырғызстаннан келіп түсті, жақын уақытта келісімге қол қойылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сонымен, құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Руслан Нұртөлеуұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Кучинская Юлия Владимировнаға беріледі.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые коллеги! В первую очередь хотела бы подчеркнуть, что Казахстан и Таджикистан являются членами Организации Договора о коллективной безопасности, целью которой являются укрепление мира, международной и региональной безопасности и стабильности, защита на коллективной основе независимости, территориальной целостности и суверенитета государств-членов.

Помимо этого, между Казахстаном и Таджикистаном заключен ряд двусторонних договоров в области военного сотрудничества.

В частности, в 1999 году было подписано Соглашение между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Таджикистан о сотрудничестве в военной области, а в 2015 году был подписан Договор о стратегическом партнерстве между странами.

Как известно, заключение соглашения связано с ростом вызовов и угроз региональной безопасности, в том числе в силу осложнения ситуации в прилегающих районах таджикско-афганской границы.

Полагаю, что ратификация рассматриваемого документа позволит усилить возможности Вооруженных Сил Республики Таджикистан по отражению возникающих угроз и укреплению безопасности всего региона.

Все комитеты Мажилиса дали положительные заключения по законопроекту.

Законопроект был всесторонне рассмотрен на заседаниях рабочей группы и головного комитета.

С учетом изложенного предлагаю одобрить проект закона и направить его на рассмотрение в Сенат Парламента.

Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Спасибо, Юлия Владимировна.

Құрметті депутаттар, енді осы заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Смағұл Бақытбек Смағұлұлына беріледі.

СМАҒҰЛ Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Осы жылдың 16 қыркүйегінде Душанбеде өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің сөйлеген сөзінде оңтүстік шекара және осы ұйымының өзіндік «қауіпсіздік белдігі» болып табылатын тәжік шекарасын нығайтуға жан-жақты көмек көрсету қажеттілігін ерекше атап өтті.

Осыған байланысты қаралып отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы өзекті әрі уақтылы болып табылады.

Тәжікстан осы жылдың қазан айында Харбмайдон қарулы күштерінің полигонында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының «Жауынгерлік бауырластық-2021» бірлескен жедел-стратегиялық оқу-жаттығуы өткені өте маңызды. Тәжік-ауған шекарасының жанындағы әскери оқу-жаттығуларға 4 мыңнан астам әскери адамдар, оның ішінде 200-ге жуық қазақстандық десантшылар, тыл және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мамандары, барлаушылар, арнайы күштер мен жанармай құюшылар қатысты.

Біздің әскерілеріміз бен Тәжікстаннан келген әріптестеріміздің арасындағы осындай өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық одан әрі дамиды деп сенемін.

Осы айтылғандарды ескере отырып, келісімді ратификациялау тәжік-ауған шекарасына іргелес аудандардағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді деп санаймын.

Құрметті әріптестер, заң жобасын қолдауды және оны Сенаттың қарауына жолдауды ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бақытбек Смағұлұлы, рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



Дүркен:

Құжаттамалық қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майбінтасов.